

Сапаров Қ.Т., Егинбаева А.Е.,
Кульжанова С.М., Мадетхан Г.

Сарыарқаның географиялық нысандарын атаудың табиғи негіздері

Saparov K.T., Yeginbayeva A.Y.,
Kulzhanova S.M., Madethan G.

Natural foundations of the nomination in geographic features of Saryarka

Сапаров К.Т., Егинбаева А.Е.,
Кульжанова С.М., Мадетхан Г.

Природные основы номинации географических объектов Сарыарки

Бұл мақалада Сарыарқа топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи-географиялық негіздері жан-жақты қарастырылған. Сарыарқа аумағындағы таулар жүйесі Көкшетау, Ерейментау, Баянаула, Шыңғыстау, Қызыларай, Қарқаралы, Ұлытау оронимдерінің орналасу ерекшеліктері мен этимологиясы анықталған. Сонымен қатар, Сарыарқа тау жоталарының геологиялық-геоморфологиялық құрылымы, туризмді дамыту мәселелері жөнінде сөз болады.

Топонимикалық зерттеулер өте күрделі, көбінесе география, тарих, лингвистика, ал кейде археологиялық салалардағы білімдерді қажет етеді. Көптеген топонимдер жергілікті геологиялық құрылым, тау жыныстардың құрамы, пайдалы қазбалардың және т.б. өзіндік белгісі болып табылады. Топонимиканың қолданбалы мәселелері геологиямен тығыз байланысы бар қазақтың географиялық атауларын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Пайдалы қазбалардың жергілікті топонимдерде бейнелеуінде, тарихи-археологиялық геологиялық негіздеме бар. Кен қазба байлықтарға байланысты топонимдер жүйесі географиялық атауларды маңызды сипаттармен толықтырып, геологтарға кен көздерін ашу кезеңдерінде қажетті дәрежеде мағлұмат бере алады.

Түйін сөздер: Арқа, Сарыарқа, Ертіс, оронимдер, геологиялық-геоморфологиялық құрылым, тау жоталары, туристік бағдарлар, экологиялық соқпақ.

This article examines the complex formation and development of the historical and geographical place names Saryarka bases. The features of the location and the etymology of mountain systems on the territory of Saryarka such as Kokshetau, Yereimentau, Bayanaul, Chingiztau, Kyzylaray, Karkaraly, Ulytau. Also, given the mention of geological and geomorphological structure of the mountain ranges of Saryarka, focusing on tourism development in the region.

Toponymic investigation is very difficult, mostly it required geography, history, linguistics and sometimes archaeological knowledge. Mostly toponyms identified as characteristic signs of local geological structure, mountains rocks composition, mineral resources and other things. Applied issues of toponymy take an important part in kazakh geographical names research which is closed to geology. Description of mineral resources' local toponymies have historical-archeological and geological basis. Also mineral resources toponymic system adds important characteristics to geographical names and provide geologists with required information to explore mineral resources.

Key words: Arka, Saryarka, Yertys, oronyms, geological-geomorphological structure, mountain ranges, tourist routes, ecological trail.

В данной статье комплексно рассматривается формирование и развитие историко-географических основ топонимов Сарыарки. Определены особенности расположения и этимология горных систем на территории Сарыарки, таких как Кокшетау, Ерейментау, Баянаула, Чингизтау, Кызыларай, Каркаралы, Улытау. Также дается упоминание о геолого-геоморфологическом строении горных хребтов Сарыарки, особое внимание уделяется вопросам развития туризма в регионе.

Топонимические исследования очень сложны, в большинстве случаев необходимы знания таких областей наук, как география, история, лингвистика, иногда затрагиваются некоторые области археологии. Многие топонимы являются признаками местного геологического строения, состава горных пород, минералов и т.д. Прикладные проблемы в области топонимики тесно связаны с геологией, а также играют значительную роль в изучении казахских географических названий. Места залегания полезных ископаемых, историко-археологический аспект, геологические основы отражены в топонимах.

Ключевые слова: Арка, Сарыарқа, Ертыс, оронимы, геолого-геоморфологическое строение, горные хребты, туристские маршруты, экологическая тропа.

САРЫАРҚАНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЫСАНДАРЫН АТАУДЫҢ ТАБИҒИ НЕГІЗДЕРІ

Кіріспе

Сарыарқа Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймақтың бірі. Сарыарқа – халықтық атау. Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарыныңаздаған бөлігі еніп жатыр. Сондықтан да, жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған. Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен, сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді [1, Б.231].

Қарға тамырлы қазақтың бүтіндігін, біртұтастығын тиянақтайтын және көбіне-көп алаштың ат жалы, түйе қомында жүрген көшпелі бөлігіне тән болған бір мекендік атау бар. Ол – Сарыарқа.

Сарыарқа – қазақтың аңызына айналған жер шұрайы. Талай ақындардың өлеңіне өзек болған, күйшілердің күйіне үн берген, әншілерге әуен берген Сарыарқа жері асыл, шөбі шүйгін, малға да, адамға да қолайлы жер екенін аңғаруға болады. Арқа туралы деректер Доспамбет жырау, Шалқиіз жырау, Жиёмбет жырау, Базар жырау, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлының, Нармамбет Орманбетұлының жырлары мен толғауларында, Құрманғазының «Сарыарқа» күйі, Иманжүсіп Құтпанұлының «Сарыарқа» әнінде, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ғ. Қайырбеков, Қ. Аманжоловтың т.б. өлеңдерінде кездеседі. Қалай болса да, қазақ поэзиясында «Сарыарқа» атауы ғасырлар белесінде – әуелі жалпылама «кең дала» ұғымы ретінде, кейінірек нақты жер атауы санатында қолданылып, көшпелі қазақтың кіндік кескен төл мекеніне айналғанын аңғаруға болады. М. Жұмабаевтың пікірінше, Сарыарқа біздің ұғымыздағы Сарыарқа емес, одан әлдеқайда кең. Еділ, Жайық, Сыр, Ертіс, Жетісудың арасын алып жатқан Сарыарқаның ұлы мағынасына қайта оралуымыз керек [2, Б.61].

Бастапқы мәліметтер мен зерттеу әдістері

Қазақстан аумағындағы орографиялық нысандарға ат қоюдың өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы аласа таулы, ұсақ шоқылы

жер бедерімен сипатталатын Сарыарқада салыстырмалы түрде биік тауларды ұлы (Ұлытау), сораң (Ақсораң), қарқара (Қарқаралы) деп ерекшелейді. Арқаның дала зонасында жатқан бөлігінде пішіні мен түсіне байланысты *Қаратау, Қоңыртау, Сарытау, Ұлытау, Ақтау, Ақдін, Ақбет, Қызылтау*, литологиясын негіздейтін *Көкшетау, Борлытау, Алтынтау* т.б. топонимдер көптеп кездеседі. Аласа таулы белдеуде биіктігі 1000-2000 метр болатын оқшау таулар басымырақ және күмбез тәрізді, қырқалы, жалды, төбелі жер бедері тән болады.

Сарыарқажері сөз болса, көз алдымызға мидай жазық дала, төбелі шоқылары, аласа тауларымен ерекшеленген шежірелі Ұлытау, Қарқаралы, табиғаты өлеңдерде жырланған Көкшетау, Баянаула елестейді. Павлодар облысының оңтүстік-батыс бөлігі аласа таулы, ұсақ шоқылы төбелермен ажыратылатын Баянаула, Қызылтау таулары Қазақстанның ең ірі орографиялық нысаны Сарыарқаға сұғына еніп жатыр. Сарыарқа 54°-46° с.е. және 66°-80° ш.б. аралықтарында орналасқан, жоғарыдан қарағанда шығысқа қарай жіңішкері, дұрыс емес трапеция пішіндес болып келеді [3, Б.28]. Арқаның шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік шығыс шетінен Шаған, Аягөз өзендерінің және Ханшыңғыс, Шыңғыстау жоталарына дейін, батыстан шығысқа қарай 1200 км-ге созылып жатыр. Ені батысында – 900 км, шығысында – 400 км. Ауданы 1 млн. шаршы км-ге жуық аумақты алып жатыр [4, Б.1].

Сарыарқаның көне, яғни ортағасырлық формасы Арқа екенін тарихи деректер дәлелдеп отыр. Сарыарқа даласы ежелден мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы, құтты жер болған. «Сарыарқа, жұттың емес, құттың жері» деп бекер айтылмаған. С. Мұқановтың «Халық мұрасы» кітабында: «Қазақ даласының батысында Мұғалжар тауынан басталып, Сары Арқаны қуалай отырып, аяғы Батыс Сібірге тірелетін кең өлкеде жылқы малы көп өсірілген» деген деректерді кездестіруге болады. «Арқа» сөзі орографиялық термин ретінде, одан кейін топоним ретінде өте ертеде пайда болған. Парсы тілінде жазылған (XV ғасыр) «Түркілер шежіресі» (шадж-арат ал-атрак) деген еңбекте «Арқа Дешті Қыпшақ елінде» деген сөздер кездеседі [5, Б.59]. Қазақтың көне Арқасы шығыста Тарбағатай Алтай сілемдерінен бастап, батыстағы Орал тауы, Ор өзені, Мұғалжар жотасына дейінгі, Құрбанғали Халид «Гаурих-и-Хамса-и Шархи» (шығыстың бес қаласының тарихы. Қазан, 1910 ж.) сөзімен айтсақ ұзындығы 2500 км-ден

астам ұланғайыр аймақты құрап, Оңтүстік Арқа, Солтүстік Арқа, сонымен қатар, олар өзара тау елі және ой елі деп те аталады [6, Б.111]. Кейбір деректерде тіпті көне Арқа Жайық пен Еділ атыраптарына жеткен дейді, бірақ бұл кейінірек қолданылған жалпылама ұғымға саяды. Құрбанғали Халидтің еңбегінде Ор Арқаның ең батыстағы өзені деп көрсетіледі. Сонымен қатар, Үлкен Арқаның өзі «*Оң Арқа*», «*Сол Арқа*» деген пікірлер де тарихи деректерде көрініс тапқан. Кейде «Арқа» атауының тарихи мәні – «артымыздағы ел», «арт жақта орналасқан жұрт» мағынасында айтылады. «Арқа» тұлғасы түркі-монғол, тунгус-мәнжүр тобындағы тілдерде солтүстік, батыс ұғымын қалыптастырады [7, Б.7].

Нәтижесі және талқылау

Сарыарқаның алып жон, суайрығы екені алғаш рет географиялық картаға XVIII ғасырда түсті. Ресей империясы шығысқа қанат жаюына байланысты Сібір арқылы қазақ даласына да көңіл бөліп, деректер жинай бастады. 1697 жылы 14 ақпанда Тобыл қаласының воеводасына жолданған патша грамотасында қазақ ордасына бойлай кіретін және одан әрі Хиуа мен Бұхараға дейін баратын жолды анықтап, толық «Сызба» сызу тапсырылды. Осы нұсқаудың негізінде 1697 жылы Тобыл қаласының тұрғыны «бояр ұлы» Семен Ремезов «Бүкіл сусыз, жолсыз, тастақ даланың сызбасы» деген атпен алғаш қазақ даласының картасын сызып шықты. Бұл еңбек кейін 1812 жылы «Сібірдің Сызба кітабы» атты атласты шығаруға пайдаланылды.

С. Ремезовтың сызба-картасында шығысында Сауыр, Тарбағатай таулары мен батысында Торғай ойпатына дейінгі аралықта созылып жатқан Сарыарқаның алып жоны «Арқа» деп көрсетілген [8, Б.121]. Сондай-ақ, Сарыарқаның Торғай, Есіл, Ертіс, Сарысу сияқты арналы өзендері де біршама дәл берілген.

Геолог және геоморфолог Г.Ц. Медоев 1927 жылы Орталық Қазақстанда жұмысын бастады. Ол қыраттар тұрпаты тау жыныстарының литологиялық құрамына және олардың созылып жатуына тәуелді екенін атап көрсетті. Қазақ атауларының бір бөлігі сондай дәл болды да, тез арада табиғат зерттеушілердің сөздік құрамына еніп кетті. Мысалы, «қойтас» – өз еркімен жайылып жүрген қойларды елестетін бедер – ол граниттік алқаптарға тән келеді. «Жал» – аттың жалы, – бұзылуға берік жыныстардың ұзына бойы көрініп жатуына сәйкес келеді. «Керегетас» және «қотырталас» ти-

ісінше эффузивтердің, конгломераттардың және гранитоидтардың үгілу пішіндері және т.б. болып табылады.

Г.Ц. Медоев «Арқа» атауы «тау», «жота» деген түсініктен шыққан деп пайымдап, бұған Қазақтың қатпарлы өлкесімен шектелген аласа таулы аймақты (Орталық Қазақстан бөлігі) жатқызады және оған Бетпақдала, Солтүстіктегі орманды далалы өлкелер (Батыс Сібір ойпаты) мен Торғай өңірі (Торғай қыраты) кірмейді деп қорытындыға келеді [9, Б.56]. Бұл өте қате пікір еді. А.Н. Кононов қырғыздармен қарақалпақтарда «Арқа» тұлғасы солтүстік мағынасында айтылады деп жазса [10, Б.74], Ғ. Қоңқашбаев «жота түріндегі белгілі бір бағытта созылып жатқан ірі қырат, Орталық Қазақстанда суайрық ретінде» айтылады деп түсінік берген [11, Б.7]. Н. Баяндин «Сарыарқа» деп аталатын арнайы мақаласында: «аумақтың жер көлемі өте үлкен, республика жерінің үштен бірін алып жатыр. Халықтың тауып қойған бұл атауының географиялық үлкен мәні бар, бір шеті Оралға, екінші шеті жоталанып, дөңестеніп, солтүстікке Батыс Сібір, оңтүстікте Балқаш-Алакөл ойпатына қарай бірте-бірте аласара береді», – деп жазады [12, Б.8]. Е. Қойшыбаевтың пікірінше, Сарыарқа сөзі «кең жон», жалпақ үстірт, шексіз қырқа мағынасында айтылады.

Зерттеуші ғалым Ә. Нұрмағамбетұлының: «... біріккен екі сөз – «Сарыарқа»-ның тұңғыш мағынасы – «батыстағы немесе солтүстіктегі байтақ дала» болса керек деген тоқтамға келдік», – деуі пікірімізді толықтыра түседі [13, Б.46].

Сарыарқа мен Қазақ егіз ұғым. Қыран қанатын талдырып, тұлпар тұяғын тоздырып, батыр қаруын сомдап өткен Сарыарқа талайлардың атажұрты және киелі мекені. Себебі бұл ұлт тарихының айнасы мен сарқылмас қазынасы.

1907 жылы Қазақ қаласында М.Ж. Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты құнды кітабы басылып шықты. «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде жер су аттарының шығу тегіне топтала келе, жердің бабаларымыздан аманат болып жеткенін ескертеді. Бұл Сарыарқадағы жер аты – бәрі қазақтың ата-бабасының аттары екенін баяндай отыра, алаш азаматтары мен көкірегі сергек ел ақылдыларына ой салады. Мәшһүр-Жүсіп: «... Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып,

күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздарды жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алынған жер еді», – деп, Сарыарқадағы жерлердің киелілігі батырлардың ошағы және ерлік пен батырлықтың куәсі болуымен құнды екенін жазады. Сарыарқаның тарихын қысқа да болса сипаттай келе Мәшһүр-Жүсіп: «Күнбатысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзен, солтүстігі – Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадымда тауарихларда «Дешт-қыпшақ» атанған» [14, Б.54], – деп Сарыарқаның ертеден халқымыздың қоныстанған жері екенін және оның кең байтақ екенін көрсетеді. Сарыарқа өңіріне қарасты Ұлытау, Көкшетау, Қарқаралы, Шыңғыстау, Баянаула мен Ерейментау киелі мекендер. Мәшһүр-Жүсіп Сарыарқаны жырлай отыра, Қазақстанның басқада аумақтарын назардан тыс қалдырмаған. Жалпы, Сарыарқаның – тарихи-географиялық атау екені мәлім.

«Сарыарқа» топонимі А.С. Омарбекованың ғылыми-зерттеу жұмысында былай сипатталады: Ұлытау-Торғай аймағы халықта «Сарыарқа», «Арқа» деп аталатын кеңістіктің батысында орналасқан. Бұл географиялық өңір Балқаштың солтүстігінен меридиан бағытымен орталық және Қазақстанның солтүстік бөлігін, оның шекарасы Батыс-Сібір жазығымен шектесіп жатыр. Қазақтың қатпарлы елі немесе Сарыарқа Торғай үстіртінен Тарбағатай таулы қыраты және Жайсаң ойысына дейін созылып жатыр деп жазады [15, Б.15]. Алып жонның өзендері екі жаққа ағадисолтүстік қапталынан төгіле аққан Шар, Шаған, Ащысу, Түндік, Жарлы, Талды, Өленті, Шідерті, Сілеті, Есіл, Нұра, Құланөтпес, Терісаққан сияқты арналы өзендер маңдайын солтүстікке қаратқан. Ал енді осы өзендермен бастауы бір шыққан жері ортақ Аягөз, Бақанас, Тоқырауын, Былқылдақ, Қаратал, Қаршығалы, Жінішке, Жәмші, Мойынты, Сарысу, Сарыкөңгір, Қаракөңгір сияқты жылғасы мол, суы тұщы өзендер кереғар бағытта, оңтүстікке қарай жамырай ағып жатыр. Арқа тауларында мүжілген жартастар мен қарайған құз қияларына дейін қатпар-қатпар қызғылт сары құм қайрақты тасты келеді [8, Б.123].

Кезінде Л.Н. Гумилев жазған «Дешті Қыпшақ» тұсында қолданылған «Арқа» ұғымы ұшы-қиырсыз байтақ дала мағынасын қалыптастырса, «сары», «кең жон» жалпақ үстірт, (түске байланысты емес) мағынасы негізінде қалыптасқан атау деп білеміз. Қазақтың «Арқа (Сарыарқа)» ұғымы геологиялық немесе

географиялық тәртіпке негізделмеген, ежелден қоныс тепкен көшпелілердің бағдарлау нәтижесінде қалыптасқан тарихи ұғым ретінде қарастыруды жөн көрдік. Байтақ дала өзінің географиялық орналасуымен ғана Қазақстанның барлық өңірімен жалғасып жатқан жоқ, оның шежірелі тарихы да төңірегіне сұғына сабақтасып жатыр. Бұл жерлер көбінесе жазықты, белесті, қыратты, дөңесті, ойпатты сай-салалы болып келеді. Кең жазықтардың ортасында онша биік емес таулар бой көтерген. Солардың бірі солтүстік-батыстан, оңтүстік-шығысқа қарай кең көлемді жерді алып, созылып жатқан Шыңғыс тауы. Далалық өңірден Шыңғысқа қарай бет алғанда бір белестен екінші белеске иек артып, көгілдір сағымға оранып, қасқайып жатқан қара жол үнемі биікке сүйрейтін тәрізді. Қарауыл ауылына жақындағанда көрінетін алғашқы белес Күшікбай асуы. Аңыз бен жырға толы Абай елінің тарихы осы жерден басталады [16, Б.26]. Сарыарқаның солтүстік-шығысындағы Шыңғыстау, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 200 км жерге созылып, өз маңайындағы жерлерден 500-600 м. биік тұр. Аумақтың орталық бөлігін қатпарлы орқаш таулар алып жатыр.

Сарыарқаның ең биік тауы – Қызыларай. Оның ең биік нүктесі – *Ақсораң (1565 м.)*. Одан солтүстікке қарай *Қарқаралы (1403 м.)*, *Кент (1460 м.)*, одан әрірек *Баянаула (1026 м.)*, *Қызылтау (1055 м.)*, шығысында *Шыңғыстау (1304 м.)* таулары жатыр. Бұл таулар жүйесі негізінен граниттерден тұрады. Солтүстік беткейлерінде қарағайлы орман өседі, оңтүстік беткейлері жаланап, құзды келеді. Тау етектерінде үгінді қорым тастар молынан кездеседі.

Сарыарқаның батыс бөлігінде тегіс және ойыс жерлер көп те, қалдық таулар мен шоқылар аз кездеседі. Мұндағы ірі ойыс – Теңіз-Қорғалжын қазаншұңқыры. Ол Сарыарқаның батыс бөлігін екіге бөліп жатыр. Оның солтүстік-батысында Көкшетау таулары, олар ағын сулармен тілімделген. Таулар арасында табиғаты сұлу көлдер бар. Олардың жағалауы мен тау беткейінде қарағайлы орман өседі [1, Б.232].

Көкшетау тауларының ең биік нүктесі – Көкше шоқысы. Тау Көкшетау қыратының солтүстігінде, Бурабай ауданында орналасқан. Батысында оны Кіші Шабақты, солтүстігінде Үлкен Шабақты, шығысында Бурабай көлдері қоршап жатыр. Көкшенің абсолюттік биіктігі 947 м., төңірегіндегі жазықтардың салыстырмалы биіктігі 600-700 м. «Көк» сөзі «заңғар биік» немесе тіпті «аспан» мәніне сай келеді», – дейді Е. Қойшыбаев. Т. Жанұзактың пікірі бойынша,

Көкше (сын есім) атауының мағынасы: «бұл жердің көгеріп жатуына немесе алыстан көгеріп көрінуіне» байланысты қойылған.

Көкше тауларының оңтүстік-шығысында Ерейментау таулары орналасқан. Оның ең биік нүктесі Ақдің – 901 м. Кезінде атауы бұрмаланған *Ақдің (Ақдым)* шоқысы көне түркілік «дің» термині негізінде қалыптасқан.

Ұлытау өңіріндегі Ұлытау, Кішітау (Бертағы, Кертағы) Арғанаты, Бұланты, Білеуті, Сарлық, Едігенің майлы жұрты, Кеңгір т.с.с. атаулар ойымызды көне замандар қойнауына ұмтылдырады. Ұлытаудың ең биік нүктесі – *Ұлытау шоқысы (1133 м.)*, сол сияқты тарихи оқиғалардың куәсі болып саналатын Едіге (1064 м.), Жақсы Арғанаты (757 м.) тауларын атауға болады. Жезқазған – Ұлытау және Торғай жері – тарихи өңір, тарихи белгі-бедерлерге бай өңір. Өйткені бұл өңір қазақ этносының қалыптасу, даму, кемелдену оқиғаларының алып сахнасы болған. Жер қойнауына жасырынған тас дәуірінен, қола дәуірінен қалған белгілер, жер үстіне орналасқан мазарлар, балбал тастар, обалар, қорған, тұрақ орындары – сол тарихи оқиғалардың таңбалары. Талдысай, Сорқұдық, Милықұдық жерлері – ерте замандардағы кен өндіру ісінің ошағы. Алаша, Домбауыл, Жошы, Дүзен, Ерден, Қойлыбай т.с.с. мазарлар – тарихи тұлғалар жайлы сыр шертер ескерткіштер. Теректі әулие – тастағы таңбалар мен суреттер галереясы [17, Б.6-8].

Шыңғыстау (Наймантау) жотасын (1304 м.) Сарыарқа төрінде орналасқан Шыңғыс жалғызсырамасын дегендей, табиғат оның солтүстік-батысында Ханшыңғыс – 1152 м., Қосбастау – 1077 м., ал оңтүстік-шығысында Ақшатаудың ең биік нүктесі *Қособашыңы (1304 м.)* әдейі апарып орналастырғандай көрінеді. Бұл тау жоталарының арасында Сарышоқы (1076 м.), Бұғылы (1061 м.), Жұмақ (1149 м.), Қоңыр-Сандықтас (1102 м.) таулары орналасқан. Аталмыш таулардың жер бедері бір-біріне қатты ұқсайды. Жота құрылыстары негізінен ассиметриялы болып келеді. Солтүстік-шығысы тік және өте қатты тілімденген, ал оңтүстік-батыс бөлігі жатық ыңғайлы, сатылы көрініске ие. Ханшыңғыс пен Шыңғыстаудың арасында ұзындығы 130-150 км, ені 30-50 км жерді Шыңғыс даласы алып жатыр. Ал Дағандалы мен Шұбар төбе аңғарлары құнарлы, әрі біршама тегіс болып келеді.

Ақшатау жотасы облыстың оңтүстік – батысына қарай біртіндеп сатылай төмендеп, өзен аңғарлары тілімденіп, солтүстігінде Үлкен Күйкентай (836 м.), Қараүңгір (865 м.) таулары

мен оңтүстік-батысында Қотанеміл (1089 м.), батысында Жорға (1084 м.) тауларына жалғасады. Шыңғыстаудан солтүстік батысқа және солтүстік-шығысқа қарай *Доғалаң (Дегелең) (1084 м.), Мыржық (970 м.), Абралы (1299 м.), Ақшоқы (641 м.), Арқат (901 м.), Арқалық (494 м.), Делбегетей (730 м.), Семейтау (606 м.)* секілді аласа таулар орналасқан. Қатты тілімденген қыраттар жайпақ беткейлері мен кең ойыстары жер бедерінің ерекшелігін анықтайды. Абсолюттік биіктігі 400-800 м. келетін аласа шоқылы тауларға *Қаратөбе, Қаратақыр, Қансор, Суықбұлақ* т.б. жатады. Тек қана жеке шоқыларымен ерекшеленіп тұратын таулар: *Ақдiңгек (1004 м.), Аршалы (1155 м.), Еңiрекей (1008 м.), Көлқайнар (928 м.), Қарақойтас (1100 м.), Қаражал (1144 м.), Нарбота (1056 м.), Сағымжол (1215 м.)* ерекше көрініс тапқан. Шар-Көкпекті ұсақ шоқылығы солтүстік-шығысында Қалба қыратымен, оңтүстік-шығысында Жайсаң қазаншұңқырымен шектесіп жатыр [18, Б.1].

Жазықтық ландшафты жер бедері өзінің ерекшелігімен көз тартады. Сыртқы және ішкі күштердің әсерінен таңғаларлық үлгідегі жартастар, жақпарлы таулар, үңгірлер «Қоңыр әулие, Үңгіртас» пайда болған. Қасқабұлақ жотасынан солтүстік-батыста Шолтан биігі, Шыңғыс жақ бетте Ералы жазығы көсіліп жатыр. Ералы жазығының екінші шеті Кіші және Үлкен Ақшоқыға тіреледі. Қасқабұлақ жотасынан шығыста Байғабыл, Аралтөбе, Бөрлінің жоталары көрінсе, оңтүстік-шығысқа қарай Арқат таулары орналасқан. Шығысын Шет, батысын Шаған өзендері кесіп өтетін Шыңғыстаудың бауырынан басқа да кішігірім өзендер Қос, Бұзау, Құндызды, Мұқыр, Тақыр, Қарауыл, Бөкенші, Көлденең, Қаражартас т.б. өзендер ағып шығып, кең шалғындарға сіңіп құрғап кетеді [19, Б.14].

Абралы тауларының (1299 м.) шығысы мен түстігін Шыңғыстау, Қалмақ Емел, Өгізтау, Жорға, Темірші, Қарқаралы таулары көмкеріп жатса, терістігінде Баянаула (Қызылтау), Мыржық, Жалғызтау, Доғалаң, Дегелең тауларымен санкилы биік шоқы, адыр, жазықты қамтиды. Абыралының бүгінгі «Қайнар» деп аталатын орталығында үш тау орналасқан. «Жақсы Абралының» жергілікті халық Қобыланды тауы деп те атайды. Батырдың «Тайбурыл» тұлпарының ізі деп есептелінетін ат тұяғы тасқа қашалғандай белгілері бар. «Сөрелі» бұйратына оңтүстік-шығыс бетте көлденең көсілген Көкшетау жүйесі, сол жақта көлбеу көгілдір Мейзек, қарсы да оқшау биік. Тұлпар биігі алыстан көз тартып, осы өңірдің еркесіндей асқақ «Қалмақтас»

деп аталатын Сөрелі жазығында белгі, әр тұстағы қорымда туған ерекше айғақ айтқандай «Қалмақтастың қара жолы» тура Аягөзге жеткізеді. Оны ертеде Қызылжар, Ақмола, Сергиополь (Аягөз) жолы деп атаған. Абыралы (Абырәли) атауын жергілікті халық жоңғар шапқыншылығында жекпе-жек ұрыста қаза болған Қалмақ (Абыр), Қазақ (Әли) батырлардың есімімен байланыстырады. Жақсы Абралы және Жаман Абралы (Сұлутәу) таулары бар. Үлкен Сырымбет тауларының шығысында (Семей қ.ә.) жатқан Жақсы Абралы Жаман Абралыдан биігірек, табиғи ерекшелігіне (Жаман сөзі кіші мәніндегі атау) байланысты анықтауыштар арқылы ажыратылады [19, Б.15].

Босаға тауынан әрі қарай Дегелең тауының төбесі көріне бастайды. Дегелең табиғаты бай, қалың ағаш, мол сулы бұлақтары бар жердің бірі еді. Таудың оңтүстік-батысында 50 жылдай 338 рет атом, сутегі бомбаларының (жер асты, үсті) сынағы өткізіліп, аумақтың табиғат жағдайларын өзгертіп, құлазыған далаларға айналдырды. Үлкен және Кіші Дегелең ортасындағы Әулие асуы – Еуразияның дәл кіндік ортасын көрсетіп тұр. Дегелең оронимі атауын Е.Қойшыбаев көне түркі тілінде деге («теке») және иелең (қылаң-қараң) сөздерінен құралған атау (теке қаптаған жер) мағынасында қарастырады. Біздің пікірімізше, дөңгелене келген Доғалаң (доға тәріздес) тау атауы біртіндеп дегелең сөзіне ауысқан сынайлы. Жер бедерінің көрінісін нақты анықтайтын атау деп білеміз. Шекаралас жатқан Қарағанды облысы аумағында Үлкен Доғалаң, Кіші Доғалаң тау атаулары бар. Таулы массивтер гранитті, кварц, порфиритті, тақтатас, бағалы тастармен ерекшеленетін Қызылтау (720 м.), Қоңыртау (237 м.), Сарытау (641 м.), Ақтау (657 м.), т.б. атауға болады. Ақсан атауының баламасы географиялық картада дұрыс берілмеген, нақты атауы Ақсаң – «саң» қалмақша «шың» деген мағынаны білдіреді. Сонда Ақсаң деген сөз, Ақ шың мағынасында айтылады. Тау – шоқыларының санын білдіретін Қостау (684 м.), Төрттау, Бестау (327 м.), шаруашылыққа қолайлылық дәрежесі қазақ атауларында «жақсы», географиялық нысанның табиғи қолайсыздығын білдіретін «жаман» сияқты анықтауыштар арқылы ажыратылады. Баянауланың негізгі тау жоталары *Ақбеттау, Жақсыаула, Жаманаула* деген 3 бөліктен тұрады. Тау өлкесі биік өркешті келген жоталардан, өзекті сайлармен бөлінген тау блоктарына және жоталарға қосарлана біткен жеке тау шоқыларынан құралады. Тау басының ең биіктері:

Ақбет тауы – 1026 м., Өгелен тауы – 969 м., Шибет тауы – 728 м., Жасыбай – 804 м., Сарытау – 747 м., Жақсыаулаға кіреді. Ш.Уәлиханов көшпелі қырғыздар (қазақтар) туралы: Баянауыл (бұрмаланған атау, нақты тарихи атауы – Баянаула; монғ. Баян-ола) – «Баян»-бай, «Ола» – тау, көрікті, берекелі тау мағынасында қарастырады. Жаманаула керісінше, жалаңаш шоқылы тау мағынасына саяды. Баянауладан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан Қызылтаудың ең биік нүктесі – Әулие шыңы (1055 м.).

Баянаула (Жақсыаула) Жаманаулаға қарағанда жайылымы құнарлы, суы мол көрікті табиғатымен ерекшеленеді. Баянауланың батыс бөлігінде оқшау жатқан биіктіктері 500-600 м. болатын төбелі-шоқылар Жаманаула тауларына жатады. Жақсы Сарытау – 757 м., Жақсы-Шорабай – 441 м., Жаман сөзі арқылы Жамантау – 421 м., Жаман-Сарытау – 784 м., Жаман-Бөгенбай – 475 м., Жаман-Далба – 758 м., т.б. атаулар жер бетінің морфологиялық сипатын, ландшафт ерекшеліктерін сипаттайды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақтың географиялық атаулары Қазақстанның кең байтақ террито-

риясының ерекшеліктерін (жер бедері, гидрография, жануарлар әлемі, климат, өсімдіктер мен топырақтар) бейнелеп қана қоймай, таңқаларлық дәлдікпен олардың өте ұсақ бөліктерін, ал кейде геологиялық құрылымдар мен пайдалы қазбалардың кездесетінін көрсетеді.

Біздің зерттеулерімізде, Сарыарканың оронимдер жүйесінің қалыптасу жолдары мен дамуының табиғи негіздері анықталды. Физикалық-географиялық, этнографиялық, экологиялық ақпарларға толы топонимдер жүйесінің жер бедерінің сипатын, ландшафт ерекшеліктерін нақты бейнелейтінін аңғардық. Болашақта Қазақстанның үлкен аумағын алып жатқан Сарыарқа топонимиясын бірізділікке келтіріп, терминдер жүйесінің топтамасын жасап, географиялық атауларын қалпына келтіру мәселелерін жүзеге асыруға және жан-жақты зерттеуге мол мүмкіндіктер береді.

Сарыарканың тарихи-мәдени мұраларын қалпына келтіру, туристердің демалыс, саяхаттау жұмыстарын ұйымдастыратын туристік-рекреациялық және қызмет көрсету кешенін дамыту және экологиялық саяхаттар мен бағдарларды қалпына келтіруде топонимдердің рөлі айтарлықтай ерекше.

Әдебиеттер

- 1 Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы. – Алматы: Ұлағат, 2013. – 328 б.
- 2 Шәріп А. «Сарыарқа» атауы – Алаш бірлігі мен бүтіндігінің символы // «Қазақ ономастикасы: басым бағыттар мен үлгілі үрдістер» республикалық конференциясының материалдары/Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. – Астана, 2010. – Б. 61-69.
- 3 Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 б.
- 4 Қазақстан Республикасының физикалық картасы (Масштабы 1:1500000). – Алматы: Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры, 2014. – 1 б.
- 5 Керімбаев Е. Атаулар сыры. – Алматы: Қазақстан, 1984. – 119 б.
- 6 Кармышева Б.Х., Кармышева Дж.Х. Что такое Арка – юрт? (к истории исторической географии Казахстана): ономастика Востока. – М., 1980. – С.111.
- 7 Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. – Алматы, 1992. – 304 б.
- 8 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
- 9 Медоев Г.Ц. Сары-Арка (К топонимике Казахстана) // Вестник АН Каз.ССР. – 1948. – №1(34). – С.56.
- 10 Кононов А.Н. Способы и термины определения стран света у тюркских народов // Тюркологический сборник. – 1978. – С. 72-89.
- 11 Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины // Изв. АН КазССР. (Серия географическая). – Вып. 3. – 1951. – С. 3-47.
- 12 Баяндин Н. Сарыарқа // Білім және еңбек.–№1. – 1984. – 8 б.
- 13 Нұрмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты – тарихтың хаты. – Алматы: Балауса, 1994. – 64 б.
- 14 Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. – 8 том. – Павлодар, 2006. – 276 б.
- 15 Омарбекова А.С. Социальное и природное в формировании топонимии Улытау-Торғайского региона. Автореф. дисс. на соискание уч. степени канд. геогр. наук. – Алматы, 1999. – С. 28.
- 16 Шығыс Қазақстан облысының географиясы. – Семей: ПК Семей – печать, 2000. – 136 б.
- 17 Ұлытау-Жезқазған өңірінің жер-су атаулары. – Алматы: Эверо, 2007. – 220 б.
- 18 Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық картасы (Масштабы 1:1000000). – Алматы: ККК Картография, 2003. – 1 б.
- 19 Нәсенов Б. Абыралы-Сарыарканың кіндігі. – Т.1. – Новосибирск, 2002. – 488 б.

References

- 1 Beysenova A.S. Kazakstannyn fizikalyk geografiyasy. – Almaty: Ylagat, 2013. – 328 b.
- 2 Sharip A. «Saryarka» atauy – Alash birligi men bytindiginin simvoly // «Kazak onomastikasy: basym bagyttar men ylgili yrdister» respublikalyk konferentsiyasynyn materialdary /Sh. Shayakhmetov atyndagy Tilderdi damytudyn respublikalyk yilestirudistemelik ortalygy. – Astana, 2010. – B. 61-69.
- 3 Saparov K.T. Pavlodar oblysynyn toponimikalyk kenistigi. – Pavlodar: «EKO» GOF, 2007. – 308 b.
- 4 Kazakstan Respublikasynyn fizikalyk kartasy (Masshtaby 1:1500000). – Almaty: «Yltyk kartografiyalyk-geodeziyalyk kory» RMKK, 2014. – 1 b.
- 5 Kerimbaev E. Ataular syry. – Almaty: Kazakstan, 1984. – 119 b.
- 6 Karmyisheva B.H., Karmyisheva Dzh.H. Chto takoe Arka – yurt? (k istorii istoricheskoy geografii Kazahstana): onomastika Vostoka. – M., 1980. – S.111.
- 7 Kyrbangali Khalid. Tauarikh khamsa. – Almaty, 1992. – 304 b.
- 8 Seydimbek A. Kazak alemi. Etnomadani payymdau.– Almaty: Sanat, 1997. – 464 b.
- 9 Medoev G.Ts. Saryi-Arka (K toponimike Kazahstana) // Vestnik AN Kaz.SSR. – 1948. – №1(34). – S.56.
- 10 Kononov A.N. Sposoby i terminyi opredeleniya stran sveta u tyurkskih narodov // Tyurkologicheskii sbornik. – Moskva, 1978. – S. 72-89.
- 11 Konkashpaev G.K. Kazahskie narodnyie geograficheskie terminyi // Izv. AN KazSSR. (Seriya geograficheskaya). – Vyip. 3. – 1951. – S. 3-47.
- 12 Bayandin N. Saryarka // Bilim zhane enbek. – №1. – 1984. – 8 b.
- 13 NyrmagambetylyA. Zher-sudyn aty – tarikhtyn khaty. – Almaty: Balausa, 1994. – 64 b.
- 14 Mashhyr-Zhysip shygarmalary. – 8 tom. – Pavlodar, 2006. – 276 b.
- 15 Omarbekova A.S. Sotsialnoe i prirodnoe v formirovanii toponimii Ulyitau-Torgayskogo regiona. Avtoref.diss. na soiskanie uch.stepeni kand.geogr.nauk. – Almatyi, 1999. – S. 28.
- 16 Shygys Kazakstan oblysynyn geografiyasy. – Semey: PK Semey – pechat', 2000. – 136 b.
- 17 Ylytau-Zhezkazgan onirinin zher-su ataulary. – Almaty: Evero, 2007. – 220 b.
- 18 Shygys Kazakstan oblysynyn akimshilik-aumaktyk kartasy (Masshtaby 1:1000000). – Almaty: KKK Kartografiya, 2003. – 1 b.
- 19 Nasenov B. Abyraly-Saryarkanyn kindigi. – T.I. – Novosibirsk, 2002. – 488 b.